

Бекітемін

«Қостанай облысы әкімдігінің
Мәдениет басқармасы» ММ басшысы
_____ К. Атамұратов
« _____ » _____ 2026 жыл



**«Қостанай облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасы» ММ,
Қостанай облысы әкімдігі Мәдениет басқармасының
«Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі» КММ,
«Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының
Қостанай облыстық ұйымы» ҚБ.**

**Сәндік-қолданбалы өнер мен мүсін өнеріндегі жас авторлардың
VIII Республикалық «Жас толқын - 2026» көрме-байқауын өткізу туралы
ереже.**

Көрме-байқаудың тақырыбы: «Қостанай облысының құрылғанына 90 жыл». «Ыбырай Алтынсариннің туғанына 185 жыл»..

Көрме-байқаудың мақсаттары:

1. Қазақстандағы сәндік-қолданбалы өнер мен мүсіннің жас авторларының шығармашылығын қолдау.
2. Өскелең ұрпақтың бойында патриоттық сезімді тәрбиелеу және этикалық-эстетикалық құндылықтар жүйесін қалыптастыру.
3. Сәндік-қолданбалы өнер және мүсін өнеріндегі жас суретшілерді кәсіби шеберліктерін және шығармашылық өсуін жетілдіруге ынталандыру.
4. Қазақстан өнерінің үздік дәстүрлерін сақтау және бейнелеу өнерін насихаттау.

Көрме-байқаудың міндеттері:

1. Сәндік-қолданбалы өнер мен мүсін саласындағы дарынды және талантты жас суретшілерді анықтау. Қазіргі заманғы қазақстандық сәндік-қолданбалы өнер мен мүсін саласындағы жас суретшілердің жұмыстарына қоғам мен БАҚ назарын аудару.
2. Жаңа бейнелі және пластикалық шешімдерді, айқын көркем құралдар мен үлгілерді іздеу.
3. Қазақстандағы қазіргі заманауи сәндік-қолданбалы өнер мен мүсіннің даму келешегі мен шығармашылық әлеуетін анықтау.
4. Қазақстан Республикасының мүсін және сәндік-қолданбалы өнері көркемсурет мектептерінің бірегей мәдени дәстүрлерін дәріптеу.

Ұйымдастырушылар:

«Қостанай облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасы» ММ,
Қостанай облысы әкімдігі Мәдениет басқармасының «Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі» КММ,
«ҚР Суретшілер одағының Қостанай облыстық ұйымы» ҚБ.

Көрме-байқаудың өлшем шарттары:

1. Жоғары шығармашылық деңгей, кәсіби және техникалық дағдыларды игере білу.
2. Композицияның өзіндік ерекшелігі, туындының тұжырымдамалық идеясының жаңашылдығы мен батылдығы.
3. Сюжеттің тарихи дәлдігі.
4. Композициялық сюжеттер мен мотивтерден патриоттық сезімнің байқалуы.
5. Туындының көркемдік деңгейі.
6. Этикалық және эстетикалық нормалардың сақталуы.
7. Туындының орындалу және безендірілу сапасы.

Көрме-байқаудың шарттары:

1. Қатысуға 16 жастан 35 жасқа дейінгі, орта немесе жоғары көркемдік білімі бар сәндік-қолданбалы өнер мен мүсіннің жас авторлары, мамандандырылған көркемсурет оқу орындарының студенттері мен оқушылары, сондай-ақ әуесқой авторлар шақырылады.
2. Көрме-байқауға рәсімделген және қол қойылған түпнұсқа жұмыстар (т.а.ә., туған жылы, тұрғылықты жері, номинациясы, жұмыс атауы, орындау техникасы, өлшемдері) қабылданады.
3. Көрме-байқауға қатысу үшін қатысушылар осы Ереженің № 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтінімді, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (жеке куәлік, паспорт және т.б.), банктік шоттың жиырма таңбалы нөмірін қамтитын банктен үзінді көшірмені ұсынуы қажет.
4. Көрме-байқауға сәндік-қолданбалы өнер мен мүсін өнерінің әртүрлі жанрлары мен техникаларында орындалған шығармашылық жұмыстар ұсынылуы тиіс.
5. Шығармалар 2025-2026 жылдардан ерте орындалмауы тиіс.
6. Жұмыстарды ресімдеу мынадай талаптарға сай болуы тиіс:
- «Сәндік және қолданбалы өнер» номинациясы бойынша
- «Мүсін» номинациясы бойынша - этикетаж.
7. Бір қатысушыдан әр номинация бойынша 3 жұмысқа дейін қабылданады. Көрме-байқауға ұсынылған жұмыстар лауреаттардың жұмыстарынан басқа, қатысушыларға аяқталғаннан кейін қайтарылады. Қабылдау-тапсыру актісі бойынша жұмыстарды тапсырған сәттен бастап олардың сақталуына жауапкершілік көрмені ұйымдастырушыларға жүктеледі.
8. Лауреаттардың жұмыстары Қостанай облысы әкімдігі Мәдениет басқармасының «Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейі» КММ көркемсурет жиынтығы қорына тапсырылады.
9. Іріктеу кезеңінен өткен әрбір қатысушы қатысушы сертификатын

алады, лауреаттарға дипломдар мен ақшалай сыйлықтар беріледі.

10. Байқауды ұйымдастырушылар байқауға ұсынылған жұмыстарды авторлық құқықтарды сақтай отырып коммерциялық емес мақсаттарда пайдалануға құқылы.

Көрме-байқау 2 кезеңде өтеді:

1. Бірінші кезең - іріктеу.

Көрме-байқауға өтінімдер **2026 жылғы 1 қыркүйектен 25 қазанға** дейін қабылданады.

Қостанай облысында тұратын қатысушылардың өтінімдері түпнұсқадағы жұмыстармен бірге қолжазба немесе баспа нұсқасында (№1 қосымша) нысан бойынша толтырылған түрде қабылданады.

Қазақстан Республикасының басқа облыстарынан байқауға қатысушылар өтінімдерді белгіленген үлгі бойынша (№1 қосымша) толтырып, байқау жұмыстарының түрлі түсті фотосуреттерін қоса отырып, оларды электрондық пошта арқылы жолдайды. Фотосуреттер jpg форматында, кемінде 600 dpi ажыратымдылықта болуы тиіс және өтінім-хатқа қоса тіркелуі қажет.

Осы Ереже Қостанай облысы әкімдігі Мәдениет басқармасының, Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің ресми сайттарында және бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырылатын болады.

Жіберілген фотосуреттер мен өтінімдерді тәуелсіз конкурстық қазылар алқасы көргеннен кейін көрме-байқаудың II турына жіберу туралы шешім қабылданады. Қазылар алқасы осы Ережеге сәйкес жұмыстарды бағалауды жүзеге асырады және конкурсанттың одан әрі қатысуы туралы шешім шығарады. Қазылар алқасы Ереже негізінде қатысушыны келесі турға жібермеуге құқылы. Белгіленген мерзімде іріктеу турының нәтижелері негізінде келесі турға өткен қатысушыларға шақыру жіберіледі. Шақыру жеке немесе топтық болуы мүмкін. Шақыру телефон, электрондық пошта немесе мессенджерлер (вотсап және т.б.) арқылы жіберіледі.

2. Екінші тур - қорытынды.

Қазылар алқасының мүшелері номинациялар бойынша жеңімпаздарды бағалап, таңдайды. Екінші кезеңнің қорытындысы бойынша байқауға қатысушылардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырылады.

Өткізу мерзімі мен орны:

Қостанай облысының қатысушылары авторлық жұмыстарды түпнұсқада және өтінімдерді **2026 жылғы 25 қазанға** дейін мына мекенжай бойынша ұсынуы тиіс:

Қостанай қаласы, Алтынсарин көшесі, 113.

ҚР-ның басқа облыстарынан келген конкурсанттар бірінші іріктеу турына-жұмыстардың фотосуреттері мен өтінімдерді электрондық мекенжай: zhastolkin@mail.ru бойынша **2026 жылдың 25 қазанына** дейін жібереді.

Тіркеу:

Қатысушыларды тіркеу, көрмеге қабылдау және іріктеу Қостанай облыстық тарихи-өлкетану музейінің Қостанай қаласы Алтынсарин көшесі 113

мекенжайындағы бейнелеу өнерінің экспозициялық-көрмелік қамтамасыз ету бөлімінде жүргізіледі.

Қатысушылардың келуі:

Екінші қорытынды кезеңге қатысуға шақыру алған Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінің қатысушылары өтінімде көрсетілген авторлық түпнұсқа жұмыстарын **2026 жылдың 08 қарашасына** дейін ұсынады. Қорытынды кезеңге өткен Қазақстан Республикасының басқа аймақтарынан келген қатысушылар байқау жұмыстарының көрмесінің ашылуына және марапаттау рәсіміне қатысады.

Көрме-байқауға қатысушылардың жолы, тамақтануы және тұруы өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Өтінім беріп байқауға қатысуға рұқсат етілген Қостанай облысының қатысушылары II кезеңнің нәтижелеріне қарамастан марапаттау рәсіміне қатысады.

Қазылар алқасы:

Жұмыстарды тиісті бағалау өлшем шарттарына сәйкес 5 адамнан тұратын құзыретті қазылар алқасы бағалайды. **Ұпай санына байланысты, әр номинация бойынша жүлделі орындар анықталады.** Қазылар алқасының шешімі түпкілікті болып табылады. Қатысушылардың жалпы ұпайы тең болған жағдайда, жеңімпаз қазылар алқасының ашық дауыс беруімен анықталады.

Қазылар алқасының шешімі қайта қаралуы мүмкін. Қазылар алқасының жұмысы және қорытындылау **2026 жылдың 26 қазанынан 14 қарашаға** дейін жүргізіледі:

I кезеңнің қорытындысын шығару - **26 қазан сағат 11.00.**

II кезеңнің қорытындысын шығару - **11 қараша сағат 11.00.**

1. Қорытындылау, жеңімпаздарды анықтау және марапаттау рәсімі - **2026 жылғы 13 қараша.**

Қорытындылау, жеңімпаздарды марапаттау:

Көрме-байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы **Бас жүлдені** анықтайды.

«Сәндік-қолданбалы өнер» және «Мүсін» номинациялары бойынша үш жүлделі орынды анықтау қарастырылған.

Жүлделі орындар және ақшалай сыйлықақылар:

Бас жүлде - Құрмет дипломы және 300 000 теңге ақшалай сыйлықақы (соның ішінде ЖТС мөлшері ҚР салық кодексімен қарастырылған).

«Сәндік-қолданбалы өнер», «Мүсін» номинациялары бойынша:

1 орын - 1 дәрежелі диплом мен ақшалай жүлде – 220 000 теңге (соның ішінде ЖТС мөлшері ҚР салық кодексінде қарастырылған).

2 орын - 2 дәрежелі диплом мен ақшалай жүлде – 170 000 теңге (соның ішінде ЖТС мөлшері ҚР салық кодексінде қарастырылған).

3 орын - 3 дәрежелі диплом және ақшалай жүлде – 130 000 теңге (соның ішінде ЖТС мөлшері ҚР салық кодексінде қарастырылған).

Қазылар алқасының шешімі бойынша кейбір номинацияларда Лауреат атағы берілмеуі мүмкін.

Басқа шарттар:

Байқаудың ұйымдастыру комитеті осы Ережеге өзгерістер енгізуге құқылы.

Байланыс телефоны: 8 (7142) 50-20-32

Біздің мекенжайымыз: Қостанай қаласы Алтынсарин көшесі 113.

E-mail: zhastolkin@mail.ru.

**Сәндік-қолданбалы өнер мен мүсін өнеріндегі жас авторлардың
VIII Республикалық «Жас толқын - 2026» көрме-байқауына қатысуға
Өтінім**

1. Аты - жөні _____ фотосуреті 3х4 см
2. _____
2. Туған жылы, айы _____
3. Тұрғылықты мекенжайы _____
4. _____
4. Азаматтық _____
5. Жеке куәлік / төлқұжаттың көшірмесі
№ _____
берілген күні _____
6. ЖСН _____
7. Банк шотының № және банктің атауы _____
8. Телефон _____
9. E-mail _____
10. Білімі және оқу орнының атауы _____
11. Жұмыс/оқу орны, қызметі _____
12. Номинация: _____

	Жұмыстың атауы	Жасалған жылы	Техникасы, материалы	Көлемі

Көрме-байқауды өткізу туралы ережемен таныстым, сәндік-қолданбалы өнер мен мүсін өнеріндегі жас авторлардың VIII Республикалық «Жас толқын - 2026» көрме-байқауына қатысуға тілек білдіремін.

Қатысушының қолы _____
Өтінім берген күні « ____ » _____ 2026 ж.